

Бірінші Мамыр ауылдық округі Зағамбар елді мекені Әл-Фараби көшесінде бруцеллез бойынша шектеу шараларын белгілеу туралы

Күшін жойған

Түркістан облысы Төлеби ауданының Бірінші Мамыр ауылдық округі әкімінің 2021 жылғы 18 наурыздағы № 15 шешімі. Түркістан облысының Әділет департаментінде 2021 жылғы 18 наурызда № 6105 болып тіркелді. Күші жойылды - Түркістан облысы Төлеби ауданының Бірінші Мамыр ауылдық округі әкімінің 2021 жылғы 22 қазандағы № 56 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Түркістан облысы Төлеби ауданының Бірінші Мамыр ауылдық округі әкімінің 22.10.2021 № 56 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңына, Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі "Ветеринария туралы" Заңының 10-1 бабының 7) тармақшасына сәйкес, Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің Төлеби аудандық аумақтық инспекциясының 2021 жылғы 15 наурыздағы № 08-02-07/74 ұсынысы негізінде, Бірінші Мамыр ауылдық округінің әкімі **ШЕШІМ ЕТТІ:**

1. Төлеби ауданының Бірінші Мамыр ауылдық округіне қарасты Зағамбар елді мекені, Әл-Фараби көшесі № 54 үйден ірі қара малдың "бруцеллез" ауруына оң нәтиже бергеніне байланысты, Бірінші Мамыр ауылдық округі, Зағамбар елді мекені, Әл-Фараби көшесінің №40 үйден бастап № 70 үйдің аралығына шектеу іс-шаралары енгізілсін.

2. "Төлеби ауданының Бірінші Мамыр ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте:

1) осы шешімнің "Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі Түркістан облысының Әділет департаменті" Республикалық мемлекеттік мекемесінде мемлекеттік тіркелуін;

2) ресми жарияланғаннан кейін осы шешімді Төлеби ауданы әкімдігінің интернет-ресурсына орналастыруын қамтамасыз етсін.

3. Осы шешімнің орындалуын өзіме қалдырамын.

4. Осы шешім алғаш ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК